

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 14 сәуір N 24-ө . Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Z010144_ Заңын іске асыру
мақсатында :

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі заңда белгіленген тәртіппен :

1) бір ай мерзім ішінде тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне) бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы ережені бекітуді көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) бір ай мерзім ішінде :
тиісті тауар рыногының шекараларын айқындау және рынок субъектісін үстем (монополиялық) жағдайға ие деп тану тәртібін;

құжаттардың тізбесін, оларды көрсетілген Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы органның ұсыну және қарау тәртібін көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлесін және бекітсін ;

3) қолданылып жүрген заңды жоғарыда көрсетілген Заңға сәйкес келтіру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысына жүктелсін.

Премьер - Министрдің

бірінші орынбасары